

Жұмсауға қолда қаражат болмаған соң,
Орнына келмейді екен еткен талап (Кете Жүсіп: 2003, 26).

Ақын-жыраулар – қазақ өркениетінің көп ғасырлар бойы үлгісі болып қалыптасуына, дамуына елеулі ықпал еткен қайраткерлер жыр алыптары. Қазақ елінің ежелгі замандардан бүгінге жеткен, енді «Мәңгілік ел» болашағына ұласқан мағыналы тарихының дәнекері ұлттық татулық, достық, ел бірлігі, ауызбіршілік, ынтымағы.

Қорыта айтқанда, ақын-жыраулар поэзиясында халық даналығы негіздеген дидактикалық-гуманистік ұлағат поэтикалық өрнектермен одан әрі дамытылады.

ӘДЕБИЕТ

Әдебиеттану терминдерінің сөздігі (1996) (Құрастыр. З.Ахметов, Т.Шаңбаев) –Алматы: Ана тілі, – 240 б.

Бес ғасыр жырлайды (1989) 2-томдық (Құраст. М.Мағауин, М.Байділдаев) Алматы: Жазушы, 1-том, – 384 б.

Досмұхамедұлы Х. (1991). *Аламан*. -Алматы: Ана тілі, –240 б.

Иасауи Қожа Ахмет (1993). *Диуани хикмет (Ақыл кітабы)* (Жинақтап баспаға әзірлеген, қазақшаға аударғандар: М.Жармұхамедұлы, С.Дәуітұлы, М.Шафиғи). –Алматы: «Мұраттас» ғылыми-зерттеу және баспа орталығы. – 262 б.

Исмакова А.С. *Казахская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль (начало XX века и современность)* (1998). Алматы: Ғылым, – 105 стр.

Корабаев С.С. *Развитие сатиры в казахской литературе начала XX века* (1992). Автореф. канд. дис., Алматы, – 22 с.

Кете Жүсіп. *Өлең толғаулар, дастандар мен айтыстар* (2003). Алматы: «Арыс» баспасы, – 236 б.

Мағауин М. *Қобыз сарыны (XV-XVIII ғасырларда жасалған қазақ ақын-жыраулары)* (монография) (1968). –Алматы: «Жазушы» баспасы, –131-б.

Омар Шораяқов. *Шайыр*. Өлеңдер, дастандар, айтыстар (1984). Алматы: Жазушы, – 8-б.

Сәтбаева Ш.Қ. *Алғы сөз // XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті* (Қазан төңкерісіне дейінгі дәуір) (1998). -Алматы: Ғылым, Б. 3-8.

Тебегенов Т. *Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі* (2001). Алматы: Білім, – 68-86-б.

552, №6 ҚР Орталық ғылыми кітапхананың қолжазба қоры.

552, №2 ҚР Орталық ғылыми кітапхананың қолжазба қоры.

552, №3 ҚР Орталық ғылыми кітапхананың қолжазба қоры.

**ЕДІГЕТАНУДА ТАНЫЛҒАН ҒАЛЫМ НЕМЕСЕ ЕРЛІК ІС ТАЛАП ЕТКЕН
ЕРЛІК/ SCIENTIST WHO BECAME FAMOUS IN EDIGETANU OR FEAT,
REQUIRING COURAGE**

Әбдісайыт ПАХРАТДИНОВ
Тұрсынай ТӨРТКҮЛБАЕВА*

Түйіндеме

Бұл мақалада белгілі қарақалпақ фольклортанушысы, профессор К.Алламбергеновтың «Едіге» дастанының ұлттық версияларын зерттеуге қосқан үлесі жайында сөз болады. К. Алламбергенов ХХ ғасырдың 90 жылдарының бірінші жартысында да «Едіге» дастаны бойынша бірқатар ғылыми-теориялық, практикалық жұмыстар атқарды. Күнделікті баспасөздерде, ғылыми-теориялық конференцияларда дастанның маңызды мәселелеріне байланысты батыл пікірлер білдірумен қатар республикалық журналдарда отызға жақын көлемді ғылыми мақалалары жариялады. 1993-1994-жылдары С.Бахадырова, Т.Ниетуллаевтармен бірге дастанның және бір варианты - «Тұлым биді» «Қарақалпақстан мұғалімі» журналында өз алғы және соңғы сөзімен бастырып шығарды.

К.Алламбергеновтың 1995 жылы «Білім» баспасынан шығарған «Қарақалпақ халық дастаны «Едіге» атты көлемді монографиясы Қазақстан, Орта Азия, Таулы Алтай және Кавказдағы түркі тілдес халықтар фольклористикасында «Едіге» дастаны бойынша жасалған ең алғашқы ғылыми еңбек. Монографияда ғалым «Едіге» дастанының ұлттық версиясы, варианттарын салыстырып талдау негізінде дастанның мазмұны және көркемдік ерекшеліктерін, версиялар типологиясын, тарихи негіздерін сенімді дәлелдеп бере алған.

Мақала авторлары ғылыми шығармашылық өмірін Едіге және Едігетанудың ерлік істерімен тығыз байланыстырған үлкен жүректі ғалым К.Алламбергеновтің аталмыш еңбегіне ғылыми талдау жасаған. Және ол еңбекті тек ғана қарақалпақ фольклористикасында емес, жалпы түркі дүниесі фольклортануындағы ең алғашқы көлемді және құнды еңбек деп бағалайды.

Кілт сөздер: Едіге, Едігетану, вариант, версия, типология, ұлттық версия, түркі дүниесі фольклортануы

Abstract

In this article we are talking about the contribution of famous Karakalpak folklorist, professor K.Allambergenov in the study of national versions of the epos "Edige". K.Allambergenov and 90's carried out some scientific-theoretical and practical work on Dastan "Edige". He boldly stated his opinion on important issues Dastan in daily periodicals, scientific and theoretical conferences and published about thirty volume of scientific articles in national magazines. In 1993-1994, together with S.Bahadyrov, T.Nietullaev published in the journal "Karakalpakstan mugalimi" another option Dastan "Tulyum bi" with his preface and after word.

Substantial monograph K.Allambergenov "Karakalpak folk epos "Edige", released in 1995 with the publishing house "Bilim" is the first scientific work, created in the folklore of Kazakhstan, Central Asia, the Altai Mountains and the Turkic-speaking peoples of the Caucasus. Scientist in the monograph in a comparative analysis of national versions and

* Әжанияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институтының оқытушылары

variants Dastan "Edige" justified true content and artistic features Dastan typology versions, historical foundations of this epos.

The authors analyze this scientific work courageous teaching of his creative life with heroic acts in Edigetanu, K.Allambergenov. And also appreciate this work as the very first surround and valuable work, not only in Karakalpakstan folklore, but in the folklore of the Turkic world.

Key words: Edige, Edigetanu, Variant, Version, Typology, National version, Folklore of the Turkic world.

Белгілі фольклоршы, түркітанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Кеңесбай Алламбергенов мақаламыз тақырыбында білдірілген бағаларға бұдан сәл кем жиырма жыл бұрын-ақ жетіскен еді. Дәлірегі, ол терең теориялық біліммен бірге, аса еңбекқорлық, үлкен адами-патриоттық жүрек және батылдықты талап ететін бұл ерлік іске Едігетануда өзі пір тұтатын ұстаз ғалымдар Ш.Ш.Уәлиханов, П.М.Мелиоранский, И.А.Беляев В.М.Жирмунский, Н.Исанбетов, М.Бурангулов, Н.Хакимов, А.Шейх Али ұлы, Қ.Сәтбаев, Р.Бердібаев, Х.Т.Зарипов, Н.Дәуқараев, Қ.Айымбетов, К.Мәмбетовтардың ізімен XX ғасырдың 80-жылдарының орталарында-ақ кірісе бастады. Дәлірегі, бұл ерлік іс оның көкірегіне бала кездерінде-ақ (өткен ғасырдың 60-жылдарында) арман құсы болып қонған еді.

К.Алламбергенов бұл арманының көркем сәулесін 1993 жылы Қарақалпақстан Республикасы Бердақ атындағы мемлекеттік сыйлықты алған «Дария тартылған жылдар» атты романында өзінің балалық прототипі Жалғас Назаров образы арқылы былайша суреттейді:

...- «Балам-ау, бұл дәрияның бойларында нелер болып өтпеді дейсің! «Кердер қала», «Едігенің қаласы», «Сатемірдің қаласы», «Дәрі қала» дегендей үлкен-үлкен қалалар, сәл әріректе – Кегейлі, Халқабат жаққа көз жіберсек, «Тоқтамыстың көз жасы» деген көл мен «Едігенің моласы» сияқты қасиетті орындар өте көп болған. Ал, Едіге бабамыздың ат ойнатып шыққан Төк тауының төбесі мен Қыран таудың үстінен жүрсең, ерте дәуірлік бес-алты күмбезді көресің. Осындай күмбездер Хайуан қалада да болған ...

Бір уақытта Хайуан қаланың айналасында «Қырық қыздың бағы» деген бақ болған. Бақ болғанда қандай - үлкен бес танаптық! Бұл негізінде ертеде Шах Темірдің жаратқан бағы екен. Оның жұрнақтары жақын уақыттарға дейін сақталып келген ...

Әне, осы баққа Жамбас қала деген жерден қырық қызымен Гүлайым батыр да келіп тұрған (Бұл дәуірде бақ Миуелі деп аталыпты).

Бұл қалаға кімдер келіп-кетпеген дейсің! Тіпті, бабамыз Едіге де Тоқтамыспен араздасқанда, Еділ-Жайық бойларынан осы бақты елге келіп түскен. «Едіге» дастанындағы «Сатемір ханның қаласы түстік жерден көрінер» деген сөздің мағынасы сол, балам. Мына «Саркоп қала»ның тұсына келген жерде Едіге бабамыздың баласы Нұратдин әкесін іздеп келе жатып, аттан түсіп бір түн дем алған деседі...» (Алламбергенов: 1992, 5).

...«Әр су тасқынынан кейін естілетін бұл аңыз-әңгімелер рухында тәрбиеленген Жалғас, қалайда не ақын, не жырау, не балуан, не болмаса тарихшы ғалым болуы керек еді.

... Иә, ол жыраулық, ақындық, балуандық деген қасиеттердің еш қайсысынан да құр алақан болған жоқ. Тарихқа да қызығушылығы жоқ емес еді. Неге екені белгісіз, ол көбірек атасы айтқан Едіге батыр жайындағы аңыз-әңгімелерге қызыға берді. Тіпті, бір жолы балалар газетасынан «Едіге Хайуан калада болған ба?», «Едіге Москваны басып алған ба?» деген бір-екі мақала да жазып жіберді. Бірақ, редакциядан дұрыс жауап болмай, еңбегі еш болды. Белгісіз себептерге байланысты жариялауға болмайтын көрінеді.

Жалғас бұл қандай себеп екен деп ұзақ уақыт тынышсызданып жүрді. Соң тарих мұғалімінен сұрап білсе, Едіге феодал болып, орыстарға қарсы күрес алып барған-мыш. Қазіргі түзім тұсында ол туралы сөз айтуға болмайды-мыш, ұлттар арасында ала ауыздық келіп шығады-мыш ...» (Алламбергенов: 1992, 10).

Кеңесбай Аллаамбергеновтің балалық арманындағы бұл сиқырлы сандық сырын ашу кілті өткен ғасырдың 70-80 жылдарында табылғандай болды. Бұл жылдарда жоғары оқу орны менен аспирантура, мамандығын жетілдіру курстарында бүкіл түркі дүниесіне белгілі, сол кездегі одақтық республикалар көлемінде танылған Қ.Айымбетов, М.Нұрмұхамедов, Қ.Мақсетов, С.Ахметов, К.Мамбетов, Ә.Қоңыратбаев, З.Қабдолов, А.Шорафутдинов, Т.Мирзаев, О.Норматов сияқты үлкен ғалымдар мектебінен тәлім алған Кеңесбай олардың лекциялары мен әңгімелерінен бұл ерлік істі амалға асыру үшін тек арман ғана жеткіліксіз екендігін, сонымен бірге терең білім, тынымсыз еңбек, үлкен жүрек керектігін анық түсінді...

Ол осы мақсатта көп жылдар бойы ғалымдыққа талапкер сипатында тынымсыз еңбек етіп, 1985 жылы Ташкенттегі Өзбекстан Ғылымдар Академиясының Әлішер Науаи атындағы Тіл және әдебиет институтының Мамандандырылған кеңесінде «Қарақалпақ әдебиетінде ақындар айтысы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап, қарақалпақ фольклортануы мен әдебиеттануында алғашқылардан болып айтыс жанрының өзіне тән ерекшеліктерін, оның келіп шығу деректерін, ауызша формалардан жазба әдебиетке өсіп өту жолдарын, қарақалпақ әдебиетінің даму жолдарындағы жанрлық әр түрлі көріністерін, даму жолдары мен идеялық-көркемдік ерекшеліктерін ғылыми көзқараспен кең түрде тұжырымды дәлелдеп берді. Оның бұл арнаулы зерттеуі соң 1989 жылы «Қарақалпақ әдебиетінде айтыс» деген атпен «Қарақалпақстан» баспасынан өз алдына монография болып жарық көрді.

К.Аллаамбергеновтың «Едігетануға» шындап кірісуі, міне, осы жылдардан басталды.

Өкінішке орай, кешегі жақын арада өткен зобалаң (репрессия) жылдарында бұл дастан да таптық, партиялық көзқараспен бағаланып, «көшпелі үстем тап өкілдері мүддесін жақтайтын феодализм дәуір эпосы» (В.Д.Греков, А.Ю.Якубовский) сипатында қудалауға ұшырап, жеткілікті дәрежеде оқытылмай келді. Дастанның башқұрт, татар версияларын қаралаған арнаулы партиялық қарарлар да шықты.

Халық мұраларына деген осындай көзқарастардың көлеңкесі дастанның қарақалпақ версиясын да шарпып өтті. Дастанның өзі 1937 жылдан кейін жарты ғасырдан артық қайта басылмай келгенін айтпағанның өзінде, оны жырлаған кейбір жыраулар «халық дұшпаны» есебінде жаламен жазаланып, қамауда өз өмірін өткізді...

Кешегі 80-жылдардың екінші жартысында бұрынғы СССР аймағында болған демократиялық, жариялылық бағыты соның салдарынан барлық одақтық республикадардың, соның ішінде Өзбекстан Республикасының да өз алдына тәуелсіз мемлекет болып бой көтеруі көптеген ұлттық мұраларымыздың, соның ішінде «Едіге»

дастаны сияқты мұралардың да қайта бой тіктеп, халықтық көзқарастан қайта бағалануына кең мүмкіндіктер ашып берді.

Осындай мүмкіндіктердің нәтижесі болса керек, қарақалпақ халық дастаны «Едіге» 80-жылдардың соңынан бастап қарақалпақ фольклористикасында қайта бағалана бастады. Осы жылдары дастанды қайта тіктеу мәселелеріне арналған Қ.Мақсетов, Ә.Алымов, Т.Ниетуллаев, К.Алламбергеновтердің бірқатар мақалалары жарық көрді.

Дастанды халыққа қайта жеткізу, оны шынайы ғылыми көзқарастан қайта бағалау жұмыстарында жас та болса талантты ғалым-жазушы, сол уақыттардағы филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қарақалпақстан Республикасы Бердақ атындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Кеңесбай Аллаамбергеновтің қызметтері айрықша болды.

«Ата-бабамыздан келе жатқан жыраулық мектебінің жанды практикасы жоқ болу алдында. Ал, олардың репертуарынан негізгі орынды иелейтін «Едіге» дастанын репрессияның қанды батпағынан тазалау жұмыстары осы күнге дейін бір жақты болған жоқ»... – деп жанашырлықпен шығып сөйледі ол, 80-жылдардың аяғында «Әмудария» журналында болып өткен бір дөңгелек столда («Әмудария», 1989, № 6. 3-б).

Көп ұзамай ол осы пікірін іс жүзінде батыл түрде дәлелдеуге көшті. «Әмудария» журналына бас редактор болып сайланған ол 1989 жылдан бастап-ақ «Едіге» дастанының қарақалпақ версиясын «қайта тірілтуге» үлкен дайындықтар көре бастады. Журналдың 1989 жылғы сандарында дастанның идеялық құндылығы, көркемдігі жайында, оны репрессия батпағынан тазалап, қарақалпақ халқының ұлттық-рухани мұрасы сипатында ақтау қажеттіктері бойынша Қ.Мақсетов, Қ.Байниязов, Т.Ниетуллаев, Ә.Алымов сияқты ғалымдардың мақалаларын жариялап, академик С.Камалов пен профессор Д.Насыровтардың «Едігені» жариялауға болады» деген сенім хаттарын алып, ғылыми-зерттеу институттары мен оқу орындары Ғылыми Кеңестерінің мақұлдаған талқылауларынан өткізіп, соңында «Әмудария» журналының 1990 жылғы №1-2-3-сандарында дастанның 1937 жылда Қ.Айымбетов Москвадан латын емлесінде бастырып шығарған Ерполат жырау вариантын оқырмандарға қайта ұсынды. Осы жылы «Қарақалпақстан» баспасына да ұсыныс білдіріп, дастанның Ерполат жырау вариантына қоса Қияс жырау вариантын да Қ.Мақсетов, Қ.Байниязов, Т.Ниетуллаев, Ә.Алымовтардың алғы сөз, соңғы сөздерімен өз алдына бір кітап етіп басып шығаруына негіз дайындап берді.

К. Аллаамбергенов сол ғасырдың 90-жылдарының бірінші жартысында да «Едіге» дастаны бойынша бірқатар ғылыми-теориялық, практикалық жұмыстар алып барды. Күнделікті баспасөздерде, радиоесітіру және телекөрсетулерде, ғылыми-теориялық конференцияларда дастанның маңызды мәселелеріне байланысты батыл пікірлер білдірумен қатар, республикалық журналдарда отызға жақын көлемді ғылыми мақалалар жариялады. 1993-1994-жылдары С.Бахадырова, Т.Ниетуллаевтармен бірге дастанның және бір варианты «Тұлым биді» «Қарақалпақстан мұғалімі» журналында өз алғы және соңғы сөзімен бастырып шығарды.

Қаһармандық дастан туралы мұндай қаһармандық істер жас ғалымнан халық мұрасының қадіріне жететін садықтықты, ғылыми-теориялық сауаттылықты ғана талап етіп қоймастан, оны қорғап білетін үлкен дәу жүректілікті, батылдықты да талап етті. К.Аллаамбергеновтің 1995 жылы «Білім» баспасынан бастырып шығарған «Қарақалпақ халық дастаны «Едіге» атты көлемді (14 б.т.) монографиясы ондағы бұл қасиеттердің айқын куәсі сипатында жарыққа шыққандай болды. Мұны айтып отырғанымыздың себебі, монография Қазақстан, Орта Азия, Таулы Алтай және Кавказдағы түркі тілдес

халықтар фольклористикасында «Едіге» дастаны бойынша жасалған ең алғашқы ғылыми еңбек болып табылады. Жас ғалым бойындағы Отанға, ұлттық мұраға деген сүйіспеншілік оған осындай ерлік талап ететін сауап іске алғашқылардан болып батыл түрде кірісуге кең мүмкіндік берді.

Монографияның және бір маңызы сонда - ғалым «Едіге» дастанының ұлттық версиясы, варианттарын салыстырып талдау негізінде дастанның мазмұны және көркемдік ерекшеліктерін, версиялар типологиясын, тарихи негіздерін сенімді дәлелдеп бере алған.

Ең бастысы, монография ортаға қойған мәселелердің көкейтестілігі, өміршендігі, құрылысы және мазмұнының бір-біріне сай қосақталып келуі, ғылыми-теориялық пікір, болжау және шешім қорытындыларының тереңдігі, ғылыми мәлімет және сілтемелердің дәлдігімен ажыралып тұрады. Ғалымның көп деректері және ғылыми-теориялық, методологиялық әдебиеттерді құнтпен үйреніп шыққандығы, оларды өз еңбегінде шығармашылықпен сыни көзқарастан пайдаланғандығы, объектив қатынас жасағаны жұмыстың Кіріспе бөлімінде көзге айқын көрінеді. Ғалым «Едіге» дастанының жиналу, басылып шығу, зерттелу тарихына байланысты өзіне дейінгі Ш.Уәлиханов, В.В.Бартольд, П.М.Мелиоранский, И.А.Беляев, А.Н.Самойлович, С.А.Орлов, Б.Д.Греков, Қ.Сәтбаев, А.Ю.Якубовский, В.М.Жирмунский, Х.Т.Зорифов, В.Д.Греков, Р.Бердібаев, А.Шикалиев, Н.Дәуқараев, Қ.Айымбетов, Қ.Мақсетовтардың еңбектеріне ғылыми ар-ождан көзқарасынан үлкен құрметпен қатынас жасаса да, олардың барлық пікірлеріне бас июшілік бағытынан бөлек тұрады, кезі келгенде оларды да сынға алып, өз-пікір қорытындыларын ортаға салады. Өсіресе, ғалымның кейбір шовинист орыс ғалымдарымен ғылыми пікір тартысына түсіп, В.Д.Греков, А.Ю.Якубовскийлердің дастанды, дастан кейіпкерлері Өмір Темір, Едіге, Тоқтамыстарды бір жақты бағалаған пікірлері, сынға алынған ескертпелері қолдауға тұрарлық.

Монографиядағы осындай ғылыми деректердің молшылығы және мұқият пайдаланғандығынан болса керек, ғалым жұмыстың **«Едіге» дастанының пайда болу деректері және жанрлық белгілерінің жетілу жолдары**» деп аталатын бірінші тарауында дастанның ғылыми теориялық мәселелерін біршама сәтті шешкен. Бұл тарауда ғалым дастан пайда болғанға дейінгі және пайда болған дәуірлердегі саяси-қоғамдық, тарихи-эстетикалық, мәдени факторларды терең талдай отырып, фольклористикада дастан теориясы бойынша бұрын айтылмаған қызықты қорытынды пікірлерді алға тартады. Ғалым дастанның В.М.Жирмунскийден бастап айтылып келе жатқан дәстүрлі «қаһармандық дастан» екендігін де, соңғы дәуірлерде кейбір фольклористер мен тарихшылардың «тарихи дастан» деп бұл терминге енгізген жаңалығын да бекерлемейді, керісінше бұл пікірлерді өзінше дамытып, дастанды жанрлық белгісіне орай «тарихи-қаһармандық дастан» (Алламбергенов: 1995, 54), – деп қорытындылайды.

Ғалымның бұл пікіріне қосылмау мүмкін емес, себебі, оның көрсетуінше, дастанда қаһармандық мотив пен тарихилық мотив басқа жанр тудырушы элементтерге қарағанда басым орынды иелейді. «Дастан тақырыбы сюжеттік мазмұны бойынша бұл мотивтердің екеуіне де теңдей жауап береді, тіпті бірін-бірі толықтырып отырады» (Алламбергенов: 1995, 54-55).

Ғалымның көрсетуінше, дастан бұл жанрлық белгілерді жетістіремін дегенше ұзақ жолдарды басып өтеді. Дастанның пайда болуында, әсіресе, түркі тілдес халықтардың дастан жарату дәстүрі мәлім дәрежеде алғашқы идеялық дерек қызметін атқарады. Бұл дәстүрдің шарттары бойынша бұл эпостық шығарма халық арасында

бұрыннан бар қандай да бір дайын деректер негізінде келіп шығады. «Едіге» дастаны да, міне, осы эпикалық дәстүрдің шарттарына сай ең алғаш Едігенің көзі тірісінде-ақ Едіге және оның ата-тегінің тегін еместігіне байланысты келіп шыққан миф, ертегі, аңыз-әңгімелер негізінде пайда болған. Соңғы дәуірлерде болса бұл формаларға Едігенің бектігі менен ерлігі жайындағы мақтау жырлары мен жоқтау жырлары келіп қосылған.

«Сөзсіз, дастан өзінің алғашқы келіп шығуында «жыр» жанры сипатында дүниеге келген, - деп шегелейді автор өзінің бұл пікірлерін, - Себебі, «эпос басында ертегі, аңыз шежіре түрінде айтылып, келе-келе көлемді жырға айланған» (Алламбергенов: 1995,39).

Автордың көрсетуінше, осы тарихи жыр дәуір өткен сайын эпикалық сыпаттары аз-кем толысып, көлемді эпос-дастан, эпопея дәрежесіне дейін жетілген.

Ғалымның осы тарауда және бір көңіл аударарлық тұжырымды пікірі-дастанның идеялық деректері туралы ой-пікір қорытындылары болып есептеледі. Бұл пікірлердің қорытындысына қарағанда, «Едігенін» тарихи-қаһармандық дастан, шынайы көркем шығарма сипатында пайда болуында дастан қаһарманы Едіге жасаған замандағы тарихи жағдай тудырған тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғалардың қоғамдық қайраткерлігі ең басты идеялық түрткі қызметін атқарған. Ал, ерте дәуірдегі түркі тілдес халықтардың тасқа жазып қалдырған естеліктері мен Шығыс халықтарының ауызша және жазба эпостары - «Қорқыт ата жырлары», «Шаһнама», «Алпамыс», «Қобылан» сияқты дастандардағы әдеби-фольклорлық дәстүрлер, эпикалық мотивтер болса «Едіге» дастанында бұрыннан келе жатқан жол-қаһармандық мотивтің сақталып қалуына берік негіз дайындап берген. (Алламбергенов: 1995, 51-52).

Бұл көзқарастан автордың жоғарыда аты аталған шығармалар мен «Едіге» дастанын типологиялық талдау жасаған пікірлерін осы тараудың ең мазмұнды жерлері деп бағаласа болады.

Автор монографияның **«Қарақалпақ халық дастаны «Едіге»** деп аталатын екінші тарауында осы генезисті анықтау арқылы дастанның қарақалпақ версиясы варианттарының жалпы сипаттамасы мен варианттаралық ерекшеліктерін белгілеп береді.

Ғалым дастанның қарақалпақ версиясының Нұрабылла, Бекімбет, Ерполат, Өтенияз, Кәрім, Қияс, Есемұрат, Жұмабай, Жанназар, «Тұлым би» (Өтепов Ақбай) «Едіге» (Н.Дәуқараев), «Эдиге ибн Түкли Азиз» (Қалімбет-қыпшақ) варианттарын тұтас талдау нәтижесінде төмендегідей тұжырымды қорытындылар жасай алған.

1.Қарақалпақ халқы XIV ғасырдың соңы XV ғасырдың бастарынан көпшілік түркі тілдес (ноғай, башқұрт, татар, қазақ, көшпелі өзбек, таулы алтай) халықтары сияқты «Едіге» дастанының тең дәрежелі шығарушысы және мұрагері. Сондықтан, дастанның Бекімбет, Ерполат, Есемұрат, Өтенияз жырау варианттары өздерінің архетипке жақындығы бойынша ең ескі нұсқалар екендігінен дерек беріп тұрады;

2.Қарақалпақ версиясы варианттары басқа ұлттық версиялардан өзінің жанрлық көп түрлілігі бойынша да ажыралып тұрады. Бұл ерекшеліктері бойынша оларды төмендегідей бір неше топтарға бөлуге болады:

1) Дастанның архетипке жақын эпикалық тарихи-қаһармандық варианттары (Бекімбет, Ерполат, Есемұрат, Өтенияз т. б. жыраулар варианты).

2) Дастанның архетиптен жырақтап кеткен лиро-эпикалық: қысса және ертегілік эпос варианттары («Тұлым би», «Едіге ибн Түкті Азиз қыссасы», «Едіге» (Н.Дәуқараев варианты)).

Ғалым бұл тарауда дастанның қарақалпақ версиясы мысалында идея және тақырып, образ және сюжеттік желі, көркемдік ерекшеліктер мәселесіне де кең түрде тоқтап өткен. Бұл мәселелерді талдау қорытындыларына қарағанда, дастан өз идеясы бойынша халыққа ешқандай жат шығарма емес, керісінше адамзаттың жақсылық, сұлулық, еркіндік, тәуелсіздік, достық-туысқандық жайындағы ең жақсы пікірлерін уағыздайтын аса бағалы туынды. Дастан сюжетіне негіз болған негізгі оқиғалар – Алтын Орда ханы Тоқтамыс пен оның бас әмірі Едіге, Мауереннахр әкімі Әмір Темір арасындағы талас-тартыстар, Әмір Темір мен Едігенің Тоқтамысқа қарсы алып барған соғыстары, бұл соғыста Тоқтамыстың жеңіліп, Едігенің Әмір Темір жәрдемінде Еділдің жарты жағын бөліп алып, Ноғайлыны өз алдына ел қылып салтанат құрулары, бұдан кейінгі Едіге – Тоқтамыс арасындағы талас-тартыстардың тарихи шындықтың көркем сәулесі екендігін автор тарихи фактілермен сенімді дәлелдей алған. Ғалымның бұл тараудағы «Едіге - маңғыт руынан шығып, соңынан осы Ноғай (Маңғыт жұрты) мемлекетінің негізін қалаған қоғам қайраткері, тарихи тұлға өзінің этно-генетикалық шығысы жағынан көбірек ноғайлар мен қарақалпақтарға жақын тұрады», - деген пікірлері де қолдауға тұрарлық.

Жұмыстың түркі тілдес халықтар Едігетануында және бір алғашқы ашылу болып қосылатын тарауы - **«Едіге» дастанының ұлттық версияларындағы сюжеттік мотивтердің жалпы белгілері және даралығы»** деп аталады. Бұл тарауда автор түркі тілдес халықтардың фольклористері арасында алғашқылардан болып Едігенің барлық версиялары бойынша тұтас типологиялық, текстологиялық талдау жасайды. Автор бұл салыстырып талдаулардың нәтижесінде дастанның барлық версиялары алдымен бір деректен келіп шыққандығын, соң уақыт өтуімен әр түрлі дәуір және жағдайларға байланысты версиялану және вариантталу құбылыстарына ие болып, ұлттық ерекшеліктерді өз бойына жинақтай бастағанын дәлелдейді. Ғалымның көрсетуінше, бұл версиялардың ішінде архетипке біршама жақыны ноғай, қарақалпақ, қазақ версиялары болып табылады. Ал, дастанның татар, башқұрт, қарақалпақ версиялары өздерінің тарихилық сипатының тереңдігімен де көзге түседі. Осылардың ішінде қарақалпақ халық дастаны «Едігенің» Қияс-жырау, Өтенияз-жырау варианттары өз мазмұндарының толықтығы және композициялық құрылысының кең қамтылғандығымен де жоғарыдағы версия варианттарынан біраз өзгеріске ие екендігімен де көңіл бөлерлік.

Қысқасы, К. Алламбергенов бұл монографияда «Едіге» дастанының біртұтас мәселелерін салыстырмалы-типологиялық-текстологиялық талдау тәсілінде ғылыми-теориялық тереңдікте жоғары дәрежеде сапалылық және саналылықпен шешіп бере алған. Сондықтан да бұл монография тек ғана қарақалпақ фольклористикасында емес, жалпы түркі дүниесі фольклортануындағы ең алғашқы көлемді және құнды еңбек болып табылады.

К.Алламбергеновтың «Едіге» дастаны, Едіге батыр туралы бұл зерттеулері 90-жылдардың екінші жартысында өзінің ең биік шыңына жетті десек қателеспеген болар едік. 1996 жылы «Қарақалпақстан мұғалімі» журналының № 3-4 сандарында «Едіге» дастанының 1903 жылы И.А.Беляев жазып алған Бекімбет жырау вариантын қайта бастырып шығарған К.Алламбергенов 1996 жылдың декабрь айында Ташкенттегі Өзбекстан Ғылымдар Академиясының Науаи атындағы Әдебиет институтының Мамандандырылған кеңесіне «Қарақалпақ халық дастаны «Едіге» (Генезисі. Жанрлық

белгілері. Ұлттық версиядар типологиясы және поэтикасы) тақырыбындағы докторлық диссертациясын қорғауға ұсынды (Алламбергенов: 1996). Қорғау мәжілісінде өздерінің қызығушылықпен қардай боратып берген сұрақтарына қанағаттанушылық жауап алған Кеңес мүшелері - А.Хайтметов, А.Қаюмов, М.Саидов, Т.Мирзаев, Б.Назаров, Б.Саримсоқов, С.Мирвалиев, Н.Каримов сияқты белгілі ғалымдар оған риза болып, бәрі бірдей тілектестік білдіріп, түгел дауыс берді.

- Бағаңыз «айрықша»! - деді жас ғалымның жауаптарына толық қанағаттанған Мамандандырылған кеңес бастығы, көрнекті теоретик ғалым, академик И.А.Сұлтанов. - Рахмет, ұлым! Едіге бабаңыздың рухын шат қылдыңыз! ...

Болашағынан үлкен үміт күтуге тұрарлық қажымас ғалым К.Алламбергеновқа болған бұл баға және тілектестік, бір жағынан, Кеңес өкіметі тұсында жарты ғасырдан көп уақыттан бері «феодал тұлға» деп қудалауда болып келген бабамыз Едіге батыр мен ол жайында жырлануы және басылуы қадаған етілген бағасыз рухани байлығымыз «Едіге» дастанына деген тілектестік еді. Себебі, болашақ ғылым докторы К.Алламбергенов қорғау уақытында берілген көп сұрақтардың бірі - дастан қаһарманы - тарихи Едігенің түркі халықтар тарихындағы орны туралы олардың көңіліндегі сөзді дәл тауып айтып, былайша жауап берген еді:

- Едіге XIV-XV ғасырларда көпшілік түркі халқы Алтын Орда құрамында бір рулық-қауымдық бірлікте күн көрісі, тұрмыс жағдайы, мұңы, арманы, алға қойған жақсы ниет, рухани дүниесі бір түркі халқы болып жасап, біртұтас түркі мемлекетін түзу үшін сырт ел басқыншыларына қарсы бір тән, бір жан болып үздіксіз күрестер алып барған қиян-кескі бір дәуірлерде тарихи қажеттіліктерге бола осы аймақтағы халықтардың күрескер көсемі, батыры сипатында тарих сахнасына шыққан тарихи тұлға.

Солай екен, XIV ғасырдың 90-жылдарында Ноғай-Маңғыт жұртын Алтын Ордан өз алдына мемлекет есебінде бөліп алған ақ маңғыттардан шыққан Едіге XV ғасырдың бірінші ширегінде өзінің Алтын Орданың ыдырау бағытын тоқтатуға, солай етіп, оны бұрынғы монғол-түрік мемлекеті жағдайынан жаңа түркі мемлекетке айналдыруға және берік етуге ұмтылған ұнамды әрекеттерімен енді ол бір этникалық топ, этнос маңғыт көсемі, батыры сипатындағы ұлттық қабығынан шығып, Алтын Орда, Еділ-Жайық, Дешті Қыпшақ далаларындағы бүкіл біртұтас түркі халықтардың ұлы әміршісіне айналды. Сондықтан бабамыз Едіге тек қарақалпақ, яки ноғай халқының емес, осы дәуірлерде Алтын Орда құрамында жасаған қарақалпақ, қазақ, ноғай, башқұрт, татар, көшпелі өзбектер сияқты бүкіл түркі халықтардың ұлы көсемі, батыры, жол бастаушысы, қамқоры және әмірі сипатында бағалануы керек!

К.Алламбергенов Едіге бабамыздың тарихымызда тұтқан осы орнын әлі де кеңірек және анығырақ ашып беру үшін бұдан кейінгі жылдарда да барынша ат салысып күресті. Дастан бойынша ұйымдастырылған әр түрлі конференциялар мен шаралардың басы-қасында болып, ғылымға деген жанашырлығын және бір рет дәлелдеді.

2001 жылы дастанның қарақалпақ версиясы бойынша «Қарақалпақ халық дастаны «Едігені» зерттеу мәселелері» атты Халықаралық конференцияның Қарақалпақстанда, Нөкісте өткізілуі үлкен саяси маңызы бар тарихи-мәдени оқиға болды. Конференцияға қатынасқан ғалымдар, әсіресе Бонн университеті профессоры Карл Райхл, Жапониялық профессор Сакай Хироки, Түркиялық профессорлар Яшар Калафат, Бедат Ұйғыр, Ташкенттік ғалымдар, профессорлар: Т.Мирзаев, Т.Ширинов, М.Исхаковтар, Қазақстандық академик Р.Бердібаев, Башқұртстандық профессор А.Г.Салихов, Нөкістен академик С.Камалов пен профессорлар Қ.Мақсетов,

С.Бахадырова, К.Алламбергеновтар «Едіге» дастанының қарақалпақ версиясына үлкен мән беріп, оны түркі халықтар версиялары ішіндегі «эпостық биік шыңға жеткен, идеялық-көркемдік жақтан ең жетіскен версия»¹ деп тапты.

Конференциядан соң қонақтармен дөңгелек стол айналасында кішкене сұхбат, пікір алысу өткізілді.

- «Елдің атын ер, ердің атын ел шығарады» деген, - деп салмақпен сөз бастап айналадағыларға сүйсіне қарап қойды Қазақстандық жасы үлкен, көрнекті фольклоршы, академик Рахманқұл аға Бердібаев. - Едіге бабамыздың даңқын және бір рет көкке көтеріп, ел екендігіңізді көрсеттіңіз!...

- Асылы, ерлік істі жарыққа шығару үшін ерлік те керек-ау деймін... - деп сөзін жалғастырды біраздан кейін жүзін шетіректе отырған Кеңесбайға бұрып. - Едіге жайындағы еңбегіңді оқып шықтым. Ерлік іс істеген екенсің, бауырым! ...

Бұл сөзге осы сұхбатқа қатысқан біздер де куә болдық. Сұхбатта сол уақыттағы Өзбекстан Ғылымдар Академиясы вице-президенті, академик Т.М.Мирзаев пен осы академияның Қарақалпақстан бөлімі президиумы бастығы, академик Т.Б.Ешпановтар төрағасы болып отыр еді.

Әлбетте, К.Алламбергенов және басқа да фольклоршы ғалымдар «Едіге» эпосына зерттеу және насихаттау жұмыстарын бұл конференциядан кейін де тоқтатып қалған жоқ. Конференцияға байланысты осы 2001 жылы «Едігенің» көлемі жағынан ең үлкен, мазмұны бойынша ең бай варианттарының бірі Өтенияз жырау вариантын баспаға даярлаған профессор С.Бахадырова 2004 жылы «Әмудария» журналының алғашқы сандарында «Едіге» дастанының Жұмабай жырау Базаров вариантын өзі жазған алғы сөзбен бірге бастырып шығарды (Дастанның осы жырау жырлаған варианты 1995 жылы профессор К.Алламбергенов тарапынан видеотаспаға түсірілген еді). Бұл вариант 2008 жылы Бонн университетінің профессоры Карл Райхл тарапынан Хельсинкиде (жырау жырлаған видеотаспасы дискімен бірге) ағылшын тілінде өз алдына кітап болып жарияланды. 2008 жылдың жазында «Қарақалпақфильм» киностудиясы Д.Абдуллаев режиссёрлығында, К.Алламбергеновтің ғылыми кеңесінде «Едіге» атты қысқа метражды тарихи-құжатты фильмді суретке түсірді және кино, телеэкран арқылы халыққа тамашалауға ұсынды.

Міне, осындай Едігені және «Едіге» дастанын насихаттаушы шара-конференциялардың бірін 2011 жылдың 24-26 қараша күндері көпшілік түркі халықтарының ерте дәуірлердегі ата жұрты есептелген Түркістандағы Түркістан (бұрынғы Яссы) қаласында Х.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті өткізді¹. Қазақстан Республикасы егемендігінің 20 жылдығына байланысты өткізілген бұл конференция «Ер Едіге және Алтын Орда мемлекеті тұсындағы билер институтының маңызы» деп аталып, оған Қытай, Түркия, Өзбекстан, Қарақалпақстан, Түркістан, Башқұртстан сияқты көп мемлекеттерден көптеген тілші, фольклоршы, әдебиетші, тарихшы, археолог, этнолог, дінтанушы, философ ғалымдар

¹ Қарақалпақ мәмлекетлик радиоеситтириў хәм телекөрсетиў компаниясы архиви: *«Қарақалпақ халық дастаны «Едиге»ни изертлеу мәселелери»* Халық аралық конференциясы видео тасмалары. -Нөкис, 5-6-сентябрь, 2001-жыл.

¹ «Ер Едиге және Алтын Орда мәмлекеті тусындағы бийлер институтының маңызы» атлы халық аралық илимий-теориялық конференцияның бағдарламасы. - Түркстан, 2011. Осы конференцияда академиктер Р.Бердібаев, Т.Мирзаевтардан алынған экспресс-интервьюлер. / «Еркин Қарақалпақстан» газетасы, 6 сентябрь, 2001 жыл, № 105 (17542).

қатысты және осы тарауларға байланысты секцияларда қызықты ғылыми баяндамалар жасалды.

Бұл орында айрықша айта кететін бір нәрсе - конференцияда баяндама жасаған және шығып сөйлеген көпшілік ғалымдар Озгул Чабанұғлы (Түркия), Б.Каримов (Өзбекстан), Құлбек Ергөбек және Жұбаназар Асанұлы (Қазақстан), С.Бахадырова, К.Алламбергенов (Қарақалпақстан), Г.С.Кунафиннің (Башқұртстан) пікірлері жалпылық мәселелерде бір нүктеде түйісіп, олар Едігенің шығу тегі маңғыттардың ақ маңғыт руынан екендігін, оның XIV ғасырдың соңы XV ғасыр басында, әсіресе Алтын Орданың құлдырау басқышына жеткен соңғы дәуірлерінде бір түркі мемлекетін түзу, азаттық, тәуелсіздік үшін күрескен түркі халықтардың баршасына да ортақ тарихи тұлға екендігін астын сызып айтып өтті. Конференция осындай достық, туысқандық ұраны рухында жалғасып отырды.

Конференцияның пленарлық жиналысында «Выражение идей национальной независимости в эпосе «Едиге» тақырыбындағы профессор К.Алламбергеновтің, секциялық жиналыстардағы «Едіге» жырының қарақалпақ нұсқалары» атты профессор С.Бахадырованың, «Қарақалпақ халық дастаны «Едіге»: пайда болу және қалыптасу жолдары, жанрлық белгілері» атты профессор К.Алламбергеновтың баяндамалары, К.Алламбергенов баяндамаларындағы пікірлерді бекітуші слайдтар сипатында берілген «Қарақалпақ» фильм жемісі «Едіге» қысқа метражды тарихи-құжатты кинофильм, 2008 жылда Карл Райхл тарапынан ағылшын тілінде басылып шығарылған «Едіге» дастанының Жұмабай жырау репертуарының Хельсинки видеотаспасы ленталары, сондай-ақ конференция Концерт бағдарламасында Қарақалпақстан халық жырауы Бақберген Сырымбетов орынған «Едіге» жырының жанды үзіндісі, анығырақ айтқанда, қарақалпақ жыры, қобызы және жырауының жанды үйлесімділігі конференция қатынасушыларында үлкен қызығушылық оятты және оларда «Едіге» дастанының қарақалпақ версиясы көлемі жағынан көп қамтылған сюжеттік мотивтерге ие, мазмұны бай, көркемдігі күшті шынайы ұлы эпос дәрежесіне жеткен, архетипке - туу дерегіне жақын ең ескі нұсқалардың бірі екендігімен ажыралып тұратындығына күшті сенім пайда етті.

Қорыта айтқанда, К.Алламбергенов өзінің ғылыми шығармашылық өмірін Едіге және Едігетанудың ерлік істерімен тығыз байланыстырып жіберген елі сүйген ер жүрек ғалым болып табылады. Оның жоғарыда біз сипаттама берген ғылымдағы басып өткен жолдары - бұл ерліктің анық куәсі.

ӘДЕБИЕТТЕР

Алламбергенов К. (1992), *Дәрья тартылған жыллар*. Романлар. - Нөкіс: «Қарақалпақстан».

Алламбергенов К. (1995), *Қарақалпақ халық дастаны Едиге*. - Нөкіс: «Билим».

Алламбергенов К. (1996), *Каракалпакский народный эпос «Едиге» (Генезис. Жанровые признаки. Типология национальных версий)*. / Автореферат диссертаций на соиск. уч. ст. доктора филол. наук. - Ташкент.